

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті жанындағы «8D017 – Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау кадрларды даярлау бағыты: 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін диссертация қорғайтын Диссертациялық кеңестің 2024 жылғы жұмысы туралы есебі

Диссертациялық кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 18 ақпандағы №58 «Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруге арналған докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестерді ашу туралы» бұйрығы негізінде жүзеге асырады. Диссертациялық кеңеске 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша диссертацияны қорғауға рұқсат етіледі.

Диссертациялық Кеңестің тұрақты құрамы - 4 (Академик Е. Бөкетов атындағы ҚарУ Басқарма Төрағасы-Ректорының 27.09.2024 жылғы № 1125 бұйрығы) (1 кесте):

1 Кесте. Академик Е. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті жанындағы 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық Кеңестің тұрақты құрамы:

№ п/п	Т.А.Ж.	Негізгі жұмыс орны, лауазымы	Ғылыми дәрежесі, мамандық шифры, атағы
1	Түйте Елдос Ерғазыұлы, төраға	Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, қауымдастырылған профессор	ф.ғ.к., 10.02.02 - Қазақ тілі, қауымдастырылған профессор
2	Адилова Алмагул Советовна, төрағаның орынбасары	Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, профессор	ф.ғ.д., 10.02.02 - Қазақ тілі, профессор
3	Такиров Саржан Уахитович	Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, қауымдастырылған профессор	ф.ғ.к., 10.01.02 - Қазақ әдебиеті, қауымдастырылған профессор
4	Жакулаев Адил Муратович, ДК ғылыми хатшысы	Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, қазақ әдебиеті кафедрасының ассистент профессоры	Филос с фия докторы (PhD), 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті»

1. Өткізілген отырыстар саны – 4 (төртеу), оның ішінде 2 (екі) қорғау отырысы.

10.04.2024 ж. Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті қазақ әдебиеті кафедрасының PhD докторанты Сыздыкова Биби Ерғазықызының «Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифопоэтиканың аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қорғауға қабылдау бойынша.

13.05.2024 ж. 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуі үшін Сыздыкова Биби Ерғазықызының диссертациясын қорғауы бойынша.

14.05.2024 ж. Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті қазақ әдебиеті кафедрасының PhD докторанты Жакулаев Адил Муратовичтің «Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурс» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қорғауға қабылдау бойынша.

18.06.2024 ж. 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуі үшін Жақулаев Адил Муратовичтің диссертациясын қорғауы бойынша.

Диссертацияның қорғалуы туралы ақпарат пен барлық қажетті құжат Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті сайтында қолжетімді және ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жолданды.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелері - жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі (2 кесте)

Кесте 2. 2024 жылы диссертация қорғаған докторанттардың тізімі:

№	ТАЖ	Оқу орны	Шифр, мамандық	Қорғау күні	Комитеттің шешімі бұйрықтың №, күні
1	Сыздыкова Биби Ергазықызы	Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті»	13.05.2024 ж.	2024 жылғы 15 шілдедегі №608 бұйрық
2	Жақулаев Адил Муратович	Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті»	18.06.2024 ж.	2024 жылғы 5 қыркүйектегі №802 бұйрық

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

Сыздыкова Биби Ергазықызы - тақырыбы «Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифопоэтиканың аспектілері».

Диссертациялық жұмыс «Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ филология факультеті Қазақ әдебиеті кафедрасында орындалды. Қорғау 13.05.2024 ж. өтті, қазақ тілінде.

Қаралған жұмыс тақырыбына талдау

Диссертациялық жұмыс қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифопоэтиканың аспектілерін зерттеуге арналған. Жұмыс үш бөлімнен тұрады. Миф және мифопоэтика туралы түсінік берілген. «Миф», «мифопоэтика», «неомифологизм» терминдері төңірегінде әлемдік және қазақ ғалымдары мен түрлі ғылыми мектеп өкілдерінің тұжырымдамалары мен көзқарастары, әдебиеттегі жаңа образдар мен сюжеттердің тууы мен дамуына миф және мифологиялық дискурстың ықпалы мен маңызы қарастырылған. Қазақ әдебиетіндегі мифопоэтикалық дәстүрдің қалыптасуы мен дамуындағы ерекшеліктер тарихи-мәдени аспектіде қаралады. Архаикалық мифтер мен қазіргі мифопоэтикалық жүйенің байланысы анықталып, қазіргі қазақ әңгімелері негізінде салыстырмалы талдаулар жасалған.

Диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы:

Диссертациялық зерттеудің тақырыбы «Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифопоэтиканың аспектілері» фольклорлық-мифологиялық сюжеттер мен мотивтерді назарға ала отырып, олардың қазіргі қазақ әңгімелеріндегі авторлық интертекстуалдылығын, трансформациясын анықтау және соның негізінде миф-фольклор-әдебиет байланысының көркемдік, мифопоэтикалық аспектілерін зерттеумен байланысты. Сондай-ақ жұмыс тақырыбы архетиптер негізінде образдарды жүйелеу және оларды

мәтінде қолдану жолдарын анықтау арқылы автордың стилі мен ойлауының, дәстүрлі элементтердің өзгеру принциптерін және фольклорлық мифологиялық образдарды, мотивтерді, сюжеттерді шығармашылық игерудің заңдылықтарын айқындау зерттеу жұмысының өзектілігі болып табылады. Бұл жұмыс қаржыландырылатын ғылыми жобалардың бөлігі болып табылмай, автордың тәуелсіз зерттеуі болып табылады.

Диссертацияның нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау:

Диссертацияда ұсынылған материалдар 9 мақалада жарияланды, оның ішінде 1 мақала Scopus дәйексөздер базасына енгізілген халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда; 5 мақала – ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК енгізілген журналдарда; халықаралық конференциялар мен симпозиумдарда, шетелдік басылымдарда 3 мақала.

Жүргізілген зерттеу нәтижелерін жоғарғы оқу орындарында «Әдебиеттануға кіріспе», «Әдебиет теориясы», «ХХ ғасырдың екінші жартысындағы және қазіргі қазақ әдебиеті» пәндеріне көмекші құрал ретінде, колледждер мен мектептерде жүргізілетін арнайы курстарды жүргізу барысында, көркем шығарманы талдау кезінде, сондай-ақ, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында қосымша материал ретінде қолдана алады.

Жакулаев Адил Муратович - тақырыбы «Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурс».

Диссертациялық жұмыс «Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ филология факультеті Қазақ әдебиеті кафедрасында орындалды. Қорғау 18.06.2024 ж. өтті, қазақ тілінде.

Қаралған жұмыс тақырыбына талдау

Диссертациялық жұмыста бүгінде философияда, мәдениетте, социологияда, лингвистикада, әдебиетте және т.б. көптеген ғылым салалары мен өнерде ең жиі қолданылатын терминнің бірі – «дискурс» мәселесі қарастырылған. Диссертациялық зерттеу еңбегінде осы дискурс ұғымының теориялық негіздері, мәтінмен байланысы, ортақ белгілері мен айырмашылықтары, дискурстың қоғам тудырған әрбір саладағы түрлері, көпбағыттылыққа ұласқан дискурсты түсіндірудің тәсілдері, қарапайым элементтері, көркем мәтіндегі ерекшеліктері, жалпыадамзаттық құндылыққа ғана емес, белгілі бір елдегі идеологиялық, саяси, ақпараттық мәселелердегі, тіпті, әдебиеттегі көрінісі, оның қоғамдық ой тудырып, оқырманға, халыққа әсері, тарихи сана мен жақты жаңғыртудағы қуаты әдебиеттану тұрғысынан айқындалып, жаңаша баға берілген.

Диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы:

Қазіргі көркем мәтінді талдауда белгілі бір ғылым аясымен ғана шектелу жөн емес. Бұл пәнаралық байланыстарды нығайтып, ғылымдар арасындағы шекараларды жойып, гетерогендікті ұстануды қажет етеді. Ендеше бұл диссертациялық жұмыстың өзектілігі толассыз дискурстар ағынындағы қазіргі қазақ прозасының бағыт-бағдарын бағамдап, көркем шығармалардың тарихи дискурсты туындатуы туралы жаңа байламдар жасап, постколониалды елдегі тарихи сана деңгейін болжау үшін де маңызды. Әлемдік әдеби үдерістегі озық көркемдік-эстетикалық тәжірибелерді игерген заманауи әдебиетіміздің жетістіктерін білім беру үрдісінде қолданып, білім алушылардың танымдық көкжиегін кеңейтіп, құндылықтарын қалыптастыру аса маңызды міндеттердің бірі болып отыр. Елдің ертеңі болатын болашақ мамандардың тарихи жағдайларға сыни көзбен қарап, жаһандану дәуіріндегі өркениеттің мәдени дискурстарына жұтылып кетпеуі үшін ұлттық кодты бойына сіңіріп, рухани иммунитетін арттыруда тарихи дискурстардың рөлі ерекше.

Жоғары оқу орындарының әдебиет теориясы пәнінде қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурсты меңгертуге деген қызығушылықтың болмауы, әдебиеттану ғылымында қазіргі қазақ прозасындағы эксперименттердің аздығы, көркем мәтінді талдауда жаңа әдіс-тәсілдердің, компьютерлік түрлі бағдарламалар жетістігінің пайдаланбауы, қазіргі қазақ

прозасын оқытудың жаңа әдістемелік жүйесінің негізделмеуі зерттеу жұмысының өзектілігін танытады. Диссертациялық жұмыстың толық бір бөлімінің қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурсты оқытуға арналуы тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеті әдістемесіне қосылған үлес екенін айғақтайды.

Диссертацияның нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау:

Диссертациялық жұмыс аясында 10 ғылыми жұмыс жарияланды. Оның ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен ғылыми басылымдарда – 6 мақала, Халықаралық шетелдік ғылыми конференция материалдар жинағында – 1 мақала, Қазақстандағы халықаралық ғылыми конференцияларда – 3 мақала.

Зерттеу жұмысында қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурстың өзіндік ерекшеліктері жүйеленіп, тәуелсіздік кезеңінде жазылған көркем туындыларға ғылыми-теориялық баға беріліп, тарихи прозаның бағыт-бағдары айқындалған. Зерттеу жұмысының нәтижелері қазіргі қазақ әдебиетін, тәуелсіздік жылдардағы қазақ прозасын, тарихи шығармалар поэтикасын, дискурстық теориялардың әдебиеттегі көрінісін, тарихи дискурс категориясын, дискурсты оқытудың әдіс-тәсілдерін зерттеуде дереккөз бола алады. Сондай-ақ жоғары оқу орындарында «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Әдебиет теориясы», «Теориялық әдебиеттану», «Поэтика және эстетика» сынды арнайы курстар мен семинар сабақтарын жүргізуде пайдалануға болады және «Әдеби-тарихи дискурс» курсының силлабусы әзірленіп, оқу үдерісіне енгізілді.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Б.Е. Сыздықованың диссертациялық жұмысы бойынша келесі ресми рецензенттер бекітілді:

- Аймұхамбет Жанат Әскербекқызы - ф.ғ.д., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, 10.01.02 - Қазақ әдебиеті;

- Алимбаев Аслан Есемқанович - 6D021400 – «Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD), А.Қ.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі.

А.М. Жақұлаевтың диссертациялық жұмысы бойынша келесі ресми рецензенттер бекітілді:

- Оразбек Мақтагүл Социалқызы – ф.ғ.д., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, 10.01.02 - Қазақ әдебиеті;

- Хуатбекұлы Ерманат – 6D021400 – «Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD), М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері.

Жоғарыда аталған рецензенттер диссертациялық кеңеске уақытында пікірлерін тапсырды; пікірлер ҚР Білім және ғылым министрінің 30.04.2020 ж. № 170 бұйрығының 28-тармағының талаптарына сәйкес ресімделді және академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарУ сайтында орналастырылған.

Рецензенттер ізденушілердің диссертациялық зерттеулерін бағалау бойынша терең талдамалық жұмыс жүргізгенін, өз пікірлерінде мынадай аспектілерді: диссертациялардың ғылымды дамыту бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігін, өзектілігін, жаңашылдық, дербестік, шынайылық, ішкі бірлік, практикалық құндылық, академиялық адалдық қағидаттарына сәйкестігін атап өткен жөн.

Рецензенттер тарапынан диссертация бойынша іргелі ескертулер болған жоқ.

Рецензенттердің жұмысында немқұрайлы, ресми қарым-қатынас фактілері байқалмады.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

- докторантурада оқу кезеңінде диссертациялық жұмыс тақырыбын тұжырымдауға бір рет өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарастыру;

- барлық докторанттар диссертациялық жұмысты оқу аяқталғанға дейін ұсынбайтындығына байланысты, докторантураны бітіргеннен кейін қорғау мерзімдерін нақты реттеу туралы мәселені қарауды сұраймыз (мысалы: докторантураны бітіргеннен кейін 3-4 жыл ішінде докторант өз жұмысын қорғауға ұсынуы керек).

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

	8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті»
Қорғауға қабылданған диссертациялар	2
оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	0
Қараудан алынып тасталған диссертациялар	0
оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	0
Рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар	0
оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	0
Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар	0
оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	0
Пысықтауға жіберілген диссертациялар	0
оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	0
Қайта қорғауға жіберілген диссертациялар	0
оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	0

Ескерту: ДК ашылу бұйрығының №344 және ДК қызмет ету мерзімі (3 жыл).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 18 ақпандағы «Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруге докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестерді ашу туралы» №58 бұйрығы.

ДК қызмет ету мерзімі: 2026 жылдың 31.12. дейін.

Диссертациялық кеңестің төрағасы,
ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы,
философия докторы (PhD)



Б. Е. Түйте

А. М. Жақулаев

«15» қаңтар 2025 ж.